

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөнінде комиссия құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 936 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 436 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.07.2016 № 436 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссияның құрамы;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

18

маусымдағы

N 936

қаулысымен

бекітілген

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның  
о р ы н б а с а р ы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің департамент

д и р е к т о р ы ,

х а т ш ы

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушісі ( к е л і с і м б о й ы н ш а )

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары (келісім б о й ы н ш а )

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының басшысы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№

9 3 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулер мен

шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін зерттеулерді жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері мен функциялары**

4. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкестігі мәніне республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулерді жүргізу жөніндегі ұсыныстарды қарау;

2) зерттеулер тақырыптарының қайталануына жол бермеу үшін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін зерттеулердің тақырыптары бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## **3. Комиссияның құқықтары**

5. Комиссия белгіленген тәртіппен және өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін зерттеулер жүргізу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге ;

2) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың мамандарын, консультанттарды тартуға;

3) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, ведомстволар мен ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

4) Комиссия мүшелерінің отырыстарында Комиссияның қарауына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың жауапты өкілдерін тыңдауға ;

5) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

6. Комиссияны төраға басқарады.

Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның

шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және оның қызметіне жауапты болады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын о р ы н б а с а р ы а т қ а р а д ы .

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі т и і с .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

8. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін Комиссия хатшысы хаттама р е с і м д е й д і .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

9. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу орны мен уақытын Комиссия төрағасы белгілейді.

10. Комиссияның жұмыс отырыстарының материалдары төрағамен келісілгеннен кейін Комиссияның әрбір мүшесіне отырысқа дейін кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізіледі.

11. Комиссияның отырыстары қажетіне қарай жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан болса, заңды деп саналады.

12. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа ( бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссия отырысының есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссияның отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтары негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен

х а т ш ы

қ о л

қ о я д ы .

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссияның мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

12-1. Дауыс беру парақтарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады .

**Ескерту. Ереже 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

## **5. Комиссияның қызметін тоқтату**

13. Комиссияның қызметін тоқтатуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негіз болып табылады.